

Тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 354 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 мамырда № 11068 тіркелді

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңы 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2015 жылғы 1 шілде - 2016 жылғы 30 маусым кезеңіне арналған шекті бағалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Энергетика министрі *В. Школьник*

«К Е Л І С І Л Д І»
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
_____ *Е. Досаев*

«___» _____ 2015 жыл

Қазақстан

Республикасы

Энергетика

Министрінің

2015

жылғы

14

мамырда

№ 354

бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2015 жылғы 1 шілде - 2016 жылғы 30 маусым кезеңіне арналған шекті бағасы

| Р/с № | Өңір | Қосылған құн салығын есепке алмағанда, мың текше метрі үшін шекті бағасы теңгемен |
|-------|---------------------------|---|
| 1. | Алматы қаласы | 18 263 (он сегіз мың екі жүз алпыс үш) |
| 2. | Алматы облысы | 18 263 (он сегіз мың екі жүз алпыс үш) |
| 3. | Оңтүстік Қазақстан облысы | 16 808 (он алты мың сегіз жүз сегіз) |
| 4. | Жамбыл облысы | 16 457 (он алты мың төрт жүз елу жеті) |
| 5. | Қызылорда облысы | 6 561 (алты мың бес жүз алпыс бір) |
| 6. | Батыс Қазақстан облысы | 11 266 (он бір мың екі жүз алпыс алты) |
| 7. | Ақтөбе облысы | 4 105 (төрт мың жүз бес) |
| 8. | Атырау облысы | 5 464 (бес мың төрт жүз алпыс төрт) |
| 9. | Қостанай облысы | 17 105 (он жеті мың жүз бес) |
| 10. | Шығыс Қазақстан облысы | 7 563 (жеті мың бес жүз алпыс үш) |
| 11. | Маңғыстау облысы | 11 894 (он бір мың сегіз жүз тоқсан төрт) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК